

сөз таластырмақ түгілі, екіншісінің бірінің оның алдына баруға батылдығы жетпейтін, тура қарауға қаймығатын. Ал Алаштықтар болса тәуекелге бел байлап, басын бәйгеге тіккен.

Алаш Орданың саясаттағы мақсаты – азат қазақ мемлекетін құру болды. Ал бағдарламадағы «Федеративті Ресейге кіреміз» деуі – саяси жоспар еді.

Әлихан Бөкейхан көреген күрескер еді. Ғасыр басында Ресейдегі 35 млн мұсылман халықтары азаттық пен бостандықтың жолына түсуге талпынды. Дін бірлігі негізінде бірігу күресі басталды, дінге негізделген саяси партиялар құрыла бастады. Әлекең бұл қозғалысқа араласа жүріп, ислам дінінің догмаларын жаңа заманға сай реформалауды талап етті. Дін мен білімді, мемлекет пен дінді айыруды жақтайды. Қазақ сахарасында діни партиялардың етек алмауы Ә.Бөкейханның бірден-бір көрегендігінің арқасында болды. «Алаш» партиясы, оның көсемі Ә.Бөкейхан XX ғасырдың басында-ақ қазақ халқының әлемдік өркениетпен табысатын жолы дін емес, білім, ғылым екенін жете түсінген. Қазақ елі ислам мемлекеті емес екенін аңғарған [7, 185 б].

1937 жылы 27 қыркүйекте КСРО Жоғары соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілген. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғары сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

Әлихан Бөкейхан – мемлекет қайраткері, ұлт зиялысы мемлекеттің болашағын өзінің көрегендігі арқылы болжай алды, қазақ мемлекетін жаңғыртып, XX ғасырға сай қайта құруға өмірін арнап, құрбан болды. Ұлы даланың Ұлы арысының ұлты алдында, тарихы алдында ары таза.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. Астана, 2009. – 563 б.
2. Көркем суретті Қазақстан тарихы. Үшінші том. Алматы, 2007. – 319 б.
3. Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. №10. 2013. – 87 б.
4. Қозыбаев М. Шығармалар. 4-том. Алматы, 2013. – 324 б.
5. Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. №9. 2013. – 87 б.
6. Қайрат Сақ. Алаш мұрасы. Алматы, 2014 – 285 б.
7. Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. Алматы, 2019. – 535 б.

ҒАЛЕУЕТДЕН МӘМЕКОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Заркумова Н.Б., PhD докторант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 5 қаңтарда жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында Алаш арыстарына: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды» деп баға берген болатын[1].

Алаш арыстарының бірі, белгілі педагог, публицист, қоғам қайраткері Ғалеуетден Мәмеков - бұрынғы Ақмола облысы Петропавл уезі Аққусақ болысының №3 ауылының(қазіргі Жамбыл ауданында) тумасы. Ғалеуетден алдымен ауыл молдасынан мұсылманша хат танып, жастайынан зерек болып өседі. Кейін Пресногорьковтегі жоғары бастауыш мектепті орыс тілінде тәмамдаған. Мектепте оқып жүрген жылдарында ол Абай Құнанбайұлының, А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыловтың, Л.Н.Толстойдың еңбектерімен танысады. Орыс және татар тілдерін жетік меңгерген [2].

Мектеп жылдарында қазақ халқының жағдайы туралы мәселелерге назар аударып, Айқап журналының 1911 жылғы №5 санында «Біздің қазақ баласына не қылғанда басқа жұрттарға теңелуі туралы біраз кеңес» атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада қазақ халқының жағдайын былайша сипаттайды: «Біздің қазақ халқы Россияда болған инородец, яғни жат жұрттардың арасында ғылым жағынан төмен халық болып есептеледі. Әншейін жер-судың арқасында күн көріп, ойын-тойға мәз болып жүріп жатыр.Бұл күндерде бізден басқа халықтар бәрі де оянып, не нәрсе өзіне пайдалы, не нәрсе зиянды, соның себебіне кірісіп, пайдалы жағын ұстап, зиянды жағынан безіп жатыр. Біздің қазақ өз қызығында жүр»[3, 65 б.]. Жер-судың байлығына мәз болып жүрген қазақ шамасы жеткенше балаларын оқытып, білім-ғылыммен қарулануы қажет деген ой білдіреді.

1914 жылы Ғалеуетден Мәмеков Воронеж институтында оқып жатқан мұқтаж оқушыларға көмек беру мақсатында 5 сом жолдаған[4, 466 б.].

Мектепті бітіргеннен кейін Ғалеуетден 1917 жылы күзде Троицк қаласындағы мұғалімдер даярлайтын медресеге түскенімен, азамат соғысы салдарынан медресе жабылып қалады. Соғыс жылдарында саудамен айналысады. Осы жылдары алашордашыл жастардың кездесулеріне қатысады.

Ғалеуетденнің 1920-1921 жылдары отбасы құрғаны туралы ақпаратты Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінен» аламыз. Бұл шығармада Ғалеуетденді бай, көпес, Алашорда мүшесі ретінде сипаттайды. Әрі Преснов болысында тергеуші болып қызмет атқарған. Бәкен Торсанұлының Күләмай есімді қызының қалың малы ретінде 80 жылқы беріп, үйленген [5, 216-217 бб.].

1922 жылы Қызылжарда педагогикалық техникум ашылып, сонда бірқатар қазақтың оқыған, білімді азаматтары – Ғ.Мәмеков, Ж.Тілеулин, Ж.Жәнібеков, Б.Айбасов, М.Бейсенов, Ғ.Кемелов, С.Жандосов, Б.Ержанов, Х.Болғамбаев, С.Айтқожин жұмысқа орналасады. Ол физика, жаратылыстану, орыс тілі пәндерінен сабақ береді.

Педагогикалық техникум жанынан мұғалімдер білімін жетілдіру курсы да ашылады. 1923-1926 жылдары мұғалімдерге сабақ беріп жүріп, орыс тілін жетік білгендіктен, педагогикалық кеңестің хатшысы болған.

1926 жылы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жыл толуына орай комиссия құрылып, мүшесі атанып, көтеріліс тарихына қатысты құжаттарды жинаумен айналысқан. Оны «Степная звезда» газетінің 1926 жылғы 16 шілдеде (№ 104) жарияланған «В комиссии по собранию и изучению материалов по истории казахского восстания в 1916 году» атты мақала дәлелдейді. Бұл мақалада ұлт-азаттық көтерілісті зерттеуге байланысты құрылған комиссияның құрамындағы Ж.Жәнібеков, Х.Болғамбаев, Ж.Тілеулин, Ғ.Мәмековтер уездермен байланыс орнатып, Омбы округтік архивінің материалдарымен қолдану мүмкіндігі қарастырылғаны туралы айтылады. Сондай-ақ, көтеріліс туралы бір естелік, орыс тілінде төрт маңызды құжаттың көшірмелері, жеті фотосурет келіп түскені баяндалады[6, 175 б.].

1925-1933 жылдары Ф.И.Голошекин бірінші хатшы болып тұрған шақта, қазақ қилы-қыстау кезенді бастан кешірді. Саяси науқан Ғ.Мәмековтың да отбасына кесірін тигізді. Ірі бай шарушалықтарды тәркілемес бұрын Ғалеуетден өз жақындарын Қостанай өңіріне көшіреді. Өзі бала-шағасымен көшіп-қонып жүреді. НКВД ізіне түскен ол Степняк қаласынан 80 шақырым жердегі Қарағашта, кейін Омбы облысы Тюкала ауданы Алғабас колхозында тұрып, орталықтағы Қошкөл совхозына келгеннен кейін, бригадир болып жұмыс істейді.

1937 жылы 25 қазанда Ғалеуетденді Қошкөл совхозында ұстап, Тюкала қаласына, одан әрі Омбы қаласының түрмесіне айдалады. Түрмеде Ғалеуетден туралы ақпараттар жиналады. Солтүстік Қазақстан облысы Преснов аудандық ішкі істер бөлімінің 1937 жылы 10 желтоқсанда берген жауабында Мәмеков Ғалеуетденнің әлеуметтік шығу тегі – бай, 1929 жылы тәркіленіп, сайлау құқығынан айрылған, Алаш қозғалысының мүшесі деген ақпаратты береді [2].

1-сурет. Ғалеуетден Мәмеков жары Күләмай Бәкенқызымен



Тергеу нәтижесінде 1938 жылы 4 наурызда оған Омбы облыстық ішкі істер халық комиссариаты басқармасы жанындағы үштік «контрреволюцияшыл-ұлтшыл ұйымға мүше болды» деген кінә тағып, Қылмыстық Кодекстің 58-бабы 10, 11-тармақтарымен ату жазасын тағайындады.

Тюкала түрмесінде отырған Ғалеуетден 34 жастағы Күләмай жарын және 4 баласын ойлап, өлең шығарған:

Кінәм жоқ, менің берер ақылым сол,
 Қолыңа айыр ұстап шаруа бол.
 Ойланып, еркеліктің бәрін тастап,
 Бірігіп ағайынмен күніңді көр.
 Тағы да бір-екі сөз, балаларым,
 Ренжітпе жарым көңіл аналарың.
 Оқудан Нариманды және айырма,
 Сендерге бұл аманат тапсырғаным.

Ғалеуетден «халық жауы» атанғандықтан, Күләмай Бәкенқызы 1953 жылға дейін атын атамады. Кейін жары туралы ақпар білу үшін жан-жаққа хат жазады. Омбы облыстық соты хатқа келесідей жауап қайтарады: *«Дело по обвинению Мамекова Галауетдина Еселбаевича пересмотрено Президиумом Омского областного суда 12 декабря 1958. Постановление Тройки УНКВД по Омской области от 4-го марта 1938 г. В отношении Мамекова Г, Е. отменено и на основании ст. 4. п. 5 УПК РСФСР дело производством прекращено за отсутствием состава преступления. Зам. Председателя облсуда Лонин»* [6, 179 б.].

Осылайша, Солтүстік Қазақстан өңірінде мұғалімдерді даярлау ісіне белсене қатысқан, Алаш қозғалысының бір мүшесі Ғалеуетден Мәмековтың есімі ақталды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. https://massaget.kz/mangilik_el/64190/?utm_source=ainews&utm_medium=referral
2. Мұқанов Қ. Зар – заманның құрбаны // Солтүстік Қазақстан – 2005. – 17 маусым.
3. Мұқанов Қ. Алғашқы «Айқаптың» солтүстік өңірдегі тілшілері // Айқап – 2016. – №2. – 65 б.
4. «Қазақ» газеті. 1914 жыл. / Құраст.: С.О. Смағұлова, т.б. – Алматы: Арыс, 2009, – 466 б.
5. Мұқанов Сәбит. Өмір мектебі. 2-ші кітап. – Алматы, 1953. – 216-217 бб.
6. Ақталған есімдер. – Петропавловск: Северный Казахстан, 2008, 175-179 бб.

АЛМА ОРАЗБАЕВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Залмұқанова А., магистрант

(Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Байбулсинова А.С.)

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қ., Қазақстан

Мемлекетіміз азаттыққа қол жеткізгеннен соң, ел үшін толағай еңбек сіңірген, қасық қаны қалғанша күрескен ерлерімізді ақтап, тарих беттерінде алтын әріптермен есімдерін жазу басталды.

Еліміздің дамуында айтарлықтай із қалдырған азамат пен азаматшалар қаншама. Тарих біреуін айтып мадақтаса, екіншісі туралы үн қатпайтыны өкінішті-ақ.

Қазіргі таңда, қазақ тарихындағы ұлт үшін күрескен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмір жолдары мен қызметі туралы жан-жақты зерттеулер қолға алынған. Соның ішінде, әйелдер қозғалысы шежіресінде жиырмамыншы – отызыншы жылдары өмір сүрген әйелдер ұрпағының жалынды жетекшісі ретінде танылған, шығыс әйелдерінен шыққан тұңғыш коммунист ғана емес, сонымен бірге әйелдер арасынан суырылып шыққан алғашқы мемлекет қайраткері – Алма Дінмұхамедқызы Оразбаеваны да атап кеткен жөн.

Жаңа заманның алғашқы қарлығашы атанған, қазақтың тұңғыш коммунист қызы, әйел теңдігінің жалынды жаршысы Оразбаева Алма 1898 жылы желтоқсанның 28-і күні көптеген тарихи оқиғаларға куә, қасиетті Бөкей Ордасының жерінде қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген [1, 421 б]. Балалық шағы жоқшылық, аштық көрумен өткен. Ата-анасы өте қарапайым жандар болған.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивының жеке ісінде сақталған 1924 жылы 10 қазанда Орынбор қаласында Алма Оразбаеваның өз қолымен жазған өмірбаянында: "Әкем - пеш салушы, анам қырғызша сауатты, жеке сабақтар берген. Бірақ, негізгі табыс көзін кір жуушы болып тапты. Отбасында 5 бала - 2 ұл, 3 қыз болдық [2, 226]" - өзінің отбасы туралы түсінік береді.

Алма Оразбаеваның Жәңгір хан 1841 жылы ашқан мектебінде тәлім алғандығы туралы мағлұматтар бар. Бұл мектепте белгілі ағартушылар С. Меңдешев, М. Сарсембиев, Н.Залиевпен бірге, Бөкей Ордасына арнайы жіберілген орыс және чуваш ұлтының зиялылары сабақ берген. Алма Оразбаеваның құрбысы Мадина Бегалиева: "Орыс-қырғыз (қазақ) мектебінде 20 жыл бойына тек қана 10 қыз білім алған. Соның бірі – Алма Оразбаева еді [2, 22 б], "-деп еске алады. Қазіргі таңда, Бөкей